

6-тақырып. Кедендік және валюталық бақылау.

Сабақтың мақсаты: Кедендік бақылаудың түсінігіне анықтау, кедендік бақылаудың нысандарын қолдану дағдыларына қол жеткізу, валюталық бақылаудың түсінігі мен оның нысандарын қолдануды түсіндіру.

Кедендік және басқа мемлекеттік бақылау нысаны ретінде тексеру жүргізу туралы 1992 жылғы 3 қаңтардағы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс өнім беретін және өнім бермейтін тауарларды, малды әкетуді тәртіпке келтіру туралы" № 5 қаулысы бойынша 1992 жылғы 10 қаңтарға дейін көлік жолдарында, теміржол бекеттерінде, аэропортта, теңіз және өзен порттарына өткізетін бақылау бөлімі жүйесін құру тапсырылды. Шынында, осы актіні қабылдау негізінде Қазақстаннан бақылаусыз азық-түлікті әкетуді тоқтату арқылы тұтынушылар нарығын тұрақтандырды.

ТМД елдерімен шекарадағы кеденді бақылау Қазақстан шекарасы арқылы өтетін жолаушылар мен жүктер, көлік құралдарымың барлық түрлеріне кедендік бақылауды толық негізде қамтамасыз ету үшін тұрақты кеден мекемесі дислокациясы орнын ұйымдастыруды қажет етті. Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 10 қаңтарындағы № 1109 Қаулысы негізінде 1993 жылы кеден мекемелерінің қызметкерлерінің штаттық саны 5 мыңға көбейді, ал 1994-1995 жылдары әр жыл сайын 2 мыңға өсті. Осы қаулы бойынша кеден мекемелеріне кедендік бақылау зонасында көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтатуға, жүкті тексеруге, бухгалтерлік, қаржылық, банктік және басқа да құжаттарды талап етуге құқықтар берілді.

Кеден құқығының алғашқы кезеңінде кедендік реттеу Қазақстан шекарасында бақылау қызметін атқаратын ішкі істер органдарымен бірлесе отырып жүзеге асырылды. Осы кезден-ақ сыртқы экономикалық қызметті толық либерализациялау қажеттілігі арта түсті. Бұл туралы "Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру жөніндегі жарлығын жүзеге асыру туралы" Министрлер Кабинетінің № 717 қаулысында, 1994 жылғы 26 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы аумағындағы тауарлар импорты (жұмыс, қызмет) және экспортын лицензиялау және квоталау туралы" № 435 қаулысында, 1995 жылғы 19 қаңтардағы "Қазақстан Республикасы аумағында тауарлар (жұмыс, қызмет) импорты мен экспортын реттеу тәртібі туралы" № 66 қаулысында, Премьер-Министрдің осылай аталатын резолюцияларында жеке кәсіпорындар мен фирмаларға қатысты, жеке тәртіптік көптеген сұрақтар шешілді.

Кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдары іріктеу принципін негізге алады және Қазақстан Республикасының кеден заңдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті нысандармен шектеледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы тауарларды және көлік құралдарын өткізу пункттерінде радиациялық бақылау жүргізу тәртібін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келісім

бойынша

уәкілетті

орган белгілейді.

Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру, және кедендік тексеріп қарау арқылы кедендік бақылауды жүзеге асыру, оларды сақтау және кедендік қадағалаумен өткізу мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы бойында, кедендік ресімдеу, алдын ала операцияларды жүргізу орындарында, тауарларды қайта тиеу, оларды тексеру және кедендік тексеріп қарау орындарында, кедендік бақылаудағы тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарын уақытша сақтау, тұрақ орындарында, кеден қоймаларында, арнайы экономикалық аймақ аумағында, еркін қоймаларда, бажсыз сауда дүкендерінде, кеден органдары орналасқан орындарда кедендік бақылау аймақтары құрылады.

Кедендік бақылау аймақтары оларда кедендік бақылауға жататын тауарлар ұдайы болған жағдайларда - тұрақты, немесе тауарларды тексеру немесе кедендік тексеріп қарау қажет болған жағдайда уақытша және осындай операцияларды жүргізу кезіне құрылатын болуы мүмкін. Кедендік бақылау аймақтарын құру мен белгілеудің тәртібін, сондай-ақ кедендік бақылау аймағына жіберу тәртібін уәкілетті орган айқындайды. Адамдарды кедендік бақылау аймағына жіберу - тек кеден органының рұқсатымен жүзеге асырылады, ал құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтер үшін осы органдардың қаулысын көрсету бойынша рұқсат етіледі. Өндірістік және өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, тауарлар мен көлік құралдарын осындай аймақтардың шекарасы арқылы және солардың шегінде өткізуге кеден органының рұқсатымен ғана жол беріледі.

Кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер берудің міндеттілігі. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші не бақылауы кеден органдарына жүктелетін қызметті жүзеге асырушы тұлғалар кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ауызша және (немесе) жазбаша, және (немесе) электронды нысанда кеден органдарына беруге міндетті. Кеден органы кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді жазбаша және (немесе) электронды нысанда сұратып алуға құқылы. Кедендік бақылауды жүргізу үшін кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан жүзеге асырылатын экспорттық және (немесе) импорттық мәмілелер бойынша ақша операциялары туралы мәліметтер мен анықтамалар алуға құқылы.

Тауарлар мен көлік құралдары шығарылғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру мақсатында кеден органдары осы тауарлармен және көлік құралдарымен жасалатын сыртқы экономикалық операцияларға қатысты, ал Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарына, сондай-ақ осы тауарлармен және көлік құралдарымен жасалатын кейінгі операцияларға қатысты коммерциялық құжаттарды, бухгалтерлік құжаттаманы және басқа да ақпаратты, оның ішінде электронды нысандағы ақпаратты декларанттан және көлік құралдарымен жасалатын операцияларға қатысы бар құжаттар мен

мәліметтерге иелік етуші кез келген тұлғадан сұратуға және алуға құқылы.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары, салық қызметі органдары және өзге де бақылаушы органдары, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, ұйымдарды тіркеуді жүзеге асыратын органдар, нотариустар кеден органдарының сұрау салуы бойынша оларға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда және тәртіппен кедендік бақылау үшін қажетті қолда бар мәліметтер туралы хабарлауға міндетті. Тұлғалар және кеден органдары кедендік бақылау үшін қажетті құжаттарды Кеден Кодексінің 431-бабына сәйкес тауарлар мен көлік құралдарының кедендік бақылауда болуы аяқталған кезден бастап кемінде бес жыл сақтауға тиіс [8]. Кеден брокерлері мен кедендік бақылаудағы тауарларға қатысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар құжаттарды осындай тауарлармен кедендік операциялар жүргізілген жылдан кейін бес жыл бойы сақтауға тиіс.

Мемлекет Басшысы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» деген өз Жолдауында Үкімет және мемлекеттік органдар үшін жұмыстың басымды бағыттарының бірі ретінде бизнеске арналған әкімшілік ауыртпалықты азайтуды, рұқсат беру жүйесін, ең алдымен, әсіресе кіші және орта бизнес үшін лицензиялауды, сертификаттауды, аккредитациялауды одан әрі оңайлатуды атап өтті. Осыған байланысты, сондай-ақ жүргізіліп отырған «Кеден – адал сұхбат» акциясының шеңберінде ҚР ҚМ Кедендік бақылау комитеті өткізу пункттеріндегі бақылау рәсімдерін оңайлату, көлік құралдарының шекарадан өту уақытын жаңа енгізілімдерді іске асыру жолымен қысқарту туралы бастамашылық жасады. Олардың негізгі мәні ықпалдасқан бақылауды енгізуде, ҚР ҚМ КБК Жедел басқару орталығы базасында мониторингтің ведомствоаралық жүйесін құруда, сондай-ақ рұқсат беру құжаттарының санын және оларды беру мерзімдерін қысқартуда. Бақылау функцияларын өткізу пункттерінен (шекаралық бақылауды қоспағанда) тораптағы терминалдар мен Кедендік ресімдеу орталықтарына көшіру де ұсынылып отыр.

Шекарада ықпалдасқан бақылауды енгізуді халықаралық институттар ұсынған, “бір терезе” қағидатын қамтамасыз ету және өткізу пункттерінде олардың функцияларын кеден органдарына бере отырып, бақылаушы органдардың санын қысқарту оның нәтижесі болып табылады.

Бұл ретте, заңнамаға тиісті өзгерістерді енгізуден басқа, жаңа енгізілімдерді іске асыру үшін елдің периметрі бойынша автомобильдік өткізу пункттері арқылы жүктерді өткізудің жалпы мониторингін жүргізу мақсатында мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қызметкерлерін ҚР ҚМ КБК-нің Жедел басқару орталығында орналастыру жоспарланып отыр.

ЖБО функцияларын кеңейту, өз кезегінде “электрондық үкімет” шеңберінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін ықпалдастыруды, бақылаудан өтудің барлық кезеңдерін барынша автоматтандыруды, шекарада кеден құжаттарын (жеткізуді бақылау құжаты)

толтыру практикасын жоюды көздейді. Бұдан басқа, ЖБО спутниктік навигация құралдарының көмегімен кедендік бақылаудағы автокөлік құралдарын көретін болады.

Сонымен, ҚР ҚМ Кедендік бақылау комитетінің ЖБО-ын барлық бақылаушы органдар үшін қашықтықтағы мониторингтің бірыңғай орталығы ретінде пайдалану ұсынылады, бұл өткізу пункттерінде кеден рәсімдерін шын мәнінде жеделдетуге, бизнес үшін шығыстарды азайтуға мүмкіндік береді, сыбайлас жемқорлық деңгейін азайтады.

Бұдан басқа, бизнестің дамуы үшін әкімшілік тосқауылдарды азайту мақсатында, сондай-ақ әлемдік саудада Қазақстан Республикасының халықаралық рейтингін арттыру үшін ҚР ҚМ КБК тауарларды кедендік рәсімдеу үшін қажетті құжаттардың санын азайту, сондай-ақ рұқсат беру құжаттарын беру мерзімін қысқартуды ұсынды. Себебі, Бизнес ортасын жақсарту жөніндегі АҚШ (USAID) халықаралық даму агенттігінің жобасымен бірлесіп Дүниежүзілік банк жүргізген зерттеулердің қорытындысы бойынша барлық елдер арасында халықаралық сауданы жүргізу бойынша Қазақстан соңғы орында болды. Бұл ретте, кедендік рәсімдеуге ұсынылатын қажетті құжаттардың саны және оларды беруге ұсынылатын өтініштерді министрліктер мен ведомстволарда қаралу мерзімінің дәлелсіз ұзақтығы теріс роль атқарды. Мысалға, импорттық мәміле бойынша кедендік операцияларды жүзеге асыру кезінде құжаттың 18 түрін ұсыну қажет.

Сонымен қатар, ҚР ҚМ КБК өткізу пунктінде мемлекеттік органдар жүзеге асыратын бақылауларды елдің ішіне ауыстыру туралы ұсынысты енгізді. Аталған шара тек бизнесті жүргізу үшін қосымша қолайлы жағдай жасауды ғана қамтып қоймай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, шекара маңындағы аймақта кешенді қызмет көрсетуді ұсыну үшін бірыңғай кедендік терминалдарды салу бизнесмендердің өзіне ұсынылатын болады. Бұл тұтастай алғанда, Қазақстанда жүктерді өңдеу жөніндегі қызметтердің деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

Барлық шекараларда кедендердің бар екендігі және олардың жұмысының жалпы сипаты ескеріле отырып, бақылаудың басқа да түрлерін ұйымдастыру мүмкіндігінше қарай кедендік бақылауымен үйлестіріледі.

Осы қағидатты орындау үшін қажет болған жағдайларда пайдаланылатын рәсімдердің жүктерді халықаралық тасымалдауларды жеңілдетуге ықпал етуі шартымен, бақылаудың барлық немесе жекелеген түрлерін шекарадан тыс жерлерде жүргізуге жол беріледі. Кеденде кедендік бақылаудан ерекшеленетін басқа да түрлерін жүзеге асыруды талап ететін заңды ұйғарымдар немесе ережелер туралы толық ақпараты болуы тиіс. Егер бақылаудың басқа да түрлерін жүзеге асыру қажеттілігі белгіленген болса, кеден оған қатысы бар қызметтерге ол туралы хабарлауды қамтамасыз етеді және олармен ынтымақтасады.

Бір жерде бақылаудың бірнеше түрін өткізу қажет болған жағдайда құзыретті қызметтер оларды мүмкіндігіне қарай бір мезгілде немесе

мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүргізу үшін барлық тиісті шараларды қолданады. Олар құжаттар мен ақпараттарға деген өздерінің қажеттіліктерін үйлестіру үшін бар күш-жігерді жұмсайды.

Атап айтқанда, құзыретті қызметтер бақылау жүргізілетін жерде қажетті қызметшілер мен жабдықтардың болуы үшін барлық тиісті шараларды қабылдайды.

Кедендер өздеріне құзыретті қызметтер тікелей нысанда өкілеттіліктер берген кезде олардың атынан бақылаудың жүргізілуі үшін осы қызметтер жауаптылықта болатын барлық немесе кейбір түрлерін жүргізе алады. Мұндай жағдайда бұл қызметтер кеденге барлық керекті құралдардың берілуін қамтамасыз етеді. Бақылау қызметтері мен кедендер осы Конвенция қамтитын барлық мәселелер бойынша бақылаудың тиісті түрлерінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында дереу барлық тиісті ақпараттармен алмасады.

Құзыретті қызмет жүргізілген бақылаудың нәтижелерінің негізінде аталған жүкпен одан әрі не істеу керектігі туралы шешім қабылдайды және қажет болған жағдайда ол туралы бақылаудың басқа түрлерін жүзеге асыратын құзыретті қызметтерге хабарлайды. Осы шешімнің негізінде кеден мұндай жүк үшін тиісті кедендік режимді белгілейді.

Біздің ұлан байтақ еліміздің шекарасы көптеген шетелдермен іргелес жатыр. Соған орай кеден қызметкерлеріне түсер салмақ та аз емес. Оның үстіне, заманның бүгінгі ағымына сай кедендегі қызмет түрлері де біраз өзгеріске ұшырауда. “Бір терезе” қағидаты негізінде кеденнен өтушілерге неғұрлым тез әрі сапалы қызмет көрсету жолға қойылды. Бұрын өз беттерінше әрекет еткен кеден, МАИ, фитосанитария, радиология, салық, брокерлік компаниялар, полиция қызметтері енді бір орталыққа тоғыстырылды.

Кеденде сыбайлас жемқорлық болып келгені жасырын емес. Сол себепті оның жолын кесу үшін кешенді жұмыстар алынуда. Қытаймен, Қырғызстанмен шекаралас Құлжа, Қордай, Майқапшағай, Ұлытау, Достық сияқты толып жатқан кеден бекеттері болды. Төраға өздерінің бастамасы бойынша Үкіметтің қаулысымен бұл бекеттер қысқартылғанын айтты. Қатардағы бекеттер облыстық әкімшіліктер қарауына берілді. Кеден қызметкерлеріне деген талап та күшейді. Бүгінде кеденде 270 орын бос дегенге сену де қиын шығар. Дегенмен сыбайластықтың жолы кесіліп, қармап қалам дегендер жазаларын алып жатқанда бұндай жайттың шындық екенірас.

Бүгінде кеденшілер тек тексеру, бақылау жұмыстарымен ғана айналысып қоймауда. Олар есірткі бизнесінің етек алмауына да тосқауыл бола білуде. Шекарадан есірткі заттарын алып өту әрекеттері әлі де кездесуде. Соған орай қырағылық күшейтілген. Соңғы төрт айда нашақорлық заттары мен оны тасымалдаушылар бұрынғыға қарағанда екі есе көп ұсталды. Сол сияқты соңғы төрт-бес жылда шекарадан мөлшерден тыс ақша алып өтетін қалталы азаматтар көбеюіне орай заңсыз ақша айналымына жол берілмеуде. Соңғы төрт жылда не бары 370 мың доллар ғана ұсталса, қазір

төрт айдың ішінде шамамен 3 миллион доллардай ұсталды. Оның 940 мың доллары Алматыда, 400 мың доллармен Қарағандыда, 290 мың доллармен Қостанайда қолға түскендер бар. Олар өз жазаларын алуда. Ал қаржы мемлекетке қайтарылды.

Қытаймен аралықтағы шекарадан тауар өткізудегі сыбайластықтың салдарынан мемлекет қорына аса көп мөлшерде кіріс түспеген. Оның бір себебі, тауар тасушылар шекаралық аймақта тұратындармен келісе отырып, шекарадан тауар өткізудің оңай жолын тауып алған. Тексере келгенде, кейде бір адамның шекарадан бірнеше рет өтіп, зат тасығаны анықталған. Сөйтіп, бір адамға 10-15 КамАЗ-дан келеді, яғни олар жылына 150-450 тонна халық тұтынатын тауарларды өткізіп отырған. Оның үстіне олар салықтан тыс қалған. Біз алғашқы 170 адамның кімдер екенін анықтағанда, шын мәнінде ол тауарлардың иесі тек 11 адам екені белгілі болды. Олар мемлекетке 1 млрд. 55 млн. теңге төлеуі қажет болса, тек 365 миллионын ғана төлеген. Сөйтіп, мемлекет қорына түсетін 755 миллион теңге із-түзсіз өзге бағытқа кеткен. Соған орай біз 12 іс қозғадық. Осы іске қатысты кеденшілер, полиция қызметкерлері, «кубобшілер» ұсталып, тексерілуде. Тек жерде ғана емес, көкте де сыбайластық бар. Араб әмірліктері, Германия, Түркия, Қытай, ТМД елдерінен ұшақ арқылы жеткізілетін тауарлар қаншама. Заңды болмағасын, олар контрабандалық тауарлар болып саналады. Дегенмен жүргізіліп жатқан нақты шараларға байланысты мемлекет қоржынына біршама қаржы түсуде. Қазірдің өзінде шамамен 550 миллиардтай теңге жиналды. Бұл оңай іс емес. Делдалдар, арам қолдылар мен басқа да қатысы бар адамдармен күрес осылайша жалғаса бермек. Кеденге адалдық тән. Біз кедендегі жариялылықты жандандыру мақсатында төрт ай ішінде 12 кешенді жұмысты қолға алдық. Алғашқы сатыдан өттік. Енді екінші сатыны қолға алудамыз. Кеденшілер арасындағы жұмыс жалғасуда. Өз ісіне адал кеденшілерді даярлауымыз керек. Кедендік барлау ісін де дамыту үстіндеміз. Өзге елдердегі жағдайды сараптаймыз. Ол елдердегі экономикалық жағдай қалай, қандай тауарлар өтімді, бізге пайдалы жақтары қандай, қандай стратегиялық бағытты ұстануымыз керек, бәрі де сыннан өтіп, іске асырылатын жайттар, - деді одан әрі төраға. Мұның бәрі – еліміздің экономикасына қосылып жатқан үлкен көмек. Оған әрбір адам өз үлесін қосуы тиіс. Елбасының халыққа арнаған Жолдауында айтылғандай, бәрі де халық игілігі үшін. Еліміздегі бейбіт өмірді бағалай білуіміз керек. Біз көптеген елдерге инвестиция салып жатырмыз. Халқымыздың әл-ауқаты көптеген елдерге қарағанда өте жоғары. Еліміздің қауіпсіздігін сақтауға кеденшілердің де қосқан үлесі зор. Шетелдік теріс діни ағымдағылардың, террористердің жолы кесілуде. Кеденшілер Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып, ел қауіпсіздігін сақтау жолында бірлесе жұмыс жүргізе бермек.

Кедендік бақылау – Қазақстан Республикасының кедендік және басқа да заңнамаларының орындалуын бақылайтын Қазақстан Республикасы кеден органдарымен жүзеге асырушы шаралардың жиынтығы.

Кеден бақылауы кеден органдарының лауазымды тұлғаларымен мыналарға байланысты жүзеге асады:

Қазақстан Республикасы кеден шекарасынан өтуші өнімдер және көліктерге; [Қазақстан Республикасы Кеден Кодексімен](#) қарастырылған тауар және көліктер туралы мәліметтердің және құжаттардың кедендік декларациясына; кеден брокерлері сипаттас тұлғалардың қызметін, кедендік аудармашылардың, сонымен қатар жеке кедендік режимдерінің ішінде қызметін жүзеге асырушылардың және уақытша сақтау кедендік қызметін ұсынушылардың қызметін; тауарларды қолдану және басқару құқығына қойылған шектеулерді сақтау; кедендік төлемдерді және салықты төлеу және аударуда

Кедендік бақылау нысандары:

- 1) кедендік декларацияны, құжаттар мен мәліметтерді тексеру;
- 2) ауызша пікір сұрау;
- 3) түсіндірмелер алу;
- 4) кедендік қадағалау;
- 5) тауарлар мен көлік құралдарын тексеру;
- 6) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау;
- 7) жеке тексеру;
- 8) тауарларды арнаулы таңбалармен таңбалау не осы Кодексте және Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген жағдайларда оларға бірдейлендіру белгілерін соғу;
- 9) тауарлар мен көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілік жүйесін тексеру;
- 10) тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу;
- 11) үй-жайлар мен аумақтарды тексеру болып табылады [9].

Кеден органдары, құжаттардың түпнұсқалылығын және мәліметтердің дұрыстығын анықтау мақсатында, тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде берілген кедендік декларацияны, құжаттарды және мәліметтерді тексереді.

Кеден органдарына кедендік ресімдеу кезінде берілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру оларды басқа дерек-көздерден алынған ақпаратпен салыстыру, арнаулы кедендік статистиканың мәліметтерін талдау, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып мәліметтерді өңдеу арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен жүзеге асырылады.

Кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органы кедендік декларациядағы ақпараттарды тексеру мақсатында тұлғалардан жазбаша түрде барлық құжаттар мен мәліметтерді сұратып алуға құқылы. Іріктеп тексеру негізінде кеден органдарының құжаттар мен мәліметтерді тексеруіне жол беріледі. 442-баптың 3-тармағына сәйкес қосымша құжаттар мен мәліметтер сұрату және оларды тексеру, егер осы Кодексте тікелей өзгеше көзделмесе, тауарларды шығаруға кедергі жасамауға тиіс.

Ауызша пікір сұрау

Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарына кедендік ресімдеуді жүргізу, алдын ала операциялар мен өзге де кедендік рәсімдер кезінде кеден органдарының лауазымды адамдары тұлғалардан ауызша пікір сұрауға құқылы, аталған тұлғалардан мұндай пікір сұрау нәтижелері жазбаша нысанда ресімделмейді.

Түсіндірмелер алу - кеден органдары лауазымды адамдарының декларанттардан және кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді білетін өзге де адамдардан кеден ісі саласындағы қажетті ақпаратты алуы.

Түсіндірме жазбаша нысанда ресімделеді. Адамды түсіндірме алу үшін шақыру туралы хабарламаға тиісті кеден органының басшысы қол қояды және шақырылған адамға қол қойғызып алу арқылы тапсырылады.

Кедендік қадағалау - кеден органдары лауазымды адамдарының кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарының тасымалдануын, олармен жүк және өзге де операциялардың жасалуын көзбен шолып, оның ішінде техникалық құралдарды қолдана отырып бақылауы.

Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру

Кеден органы лауазымды адамдарының тауарлар мен көлік құралдарын, оның ішінде халықаралық почта жөнелтімдерін, жеке тұлғалардың багажын қарауы кедендік бақылаудағы тауарлардың сипаты, шығарылған жері, жай-күйі, мөлшері туралы, тауарларда, көлік құралдарында және олардың жүк тиелетін бөліктерінде кедендік пломбалардың, мөрлердің және басқа да қондырылған бірдейлендіру құралдарының бар екендігі туралы мәліметтерді растау үшін жүзеге асырылады.

Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру - егер мұндай тексеру көлік құралы мен оның жүк тиелетін бөліктерін ашумен және тауарлардың орамаларын бұзумен байланысты болмаса, кедендік бақылау мақсаттары үшін тауарларды, жеке тұлғалардың багажын, көлік құралдарын, жүкке арналған ыдыстарды, кедендік пломбалардың, мөрлердің және өзге де тауарларды бірдейлендіру құралдарының бар-жоқтығын сырттай көзбен тексеру.

Кедендік бақылау аймағында тауарлар мен көлік құралдарын тексеру декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамдар және олардың өкілдері тексеру кезінде қатысуға тілек білдіретін жағдайларды қоспағанда, аталған адамдардың қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.

Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру нәтижелері бойынша кеден органдарының лауазымды адамдары, егер мұндай тексерудің нәтижелері кедендік мақсаттарда пайдаланылатын болса, белгіленген нысан бойынша акт жасайды. Кеден органының лауазымды адамдары тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамның талабы бойынша акт жасауға міндетті. Кедендік қарау жүргізілгендігі туралы актінің екінші

данасы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамға тапсырылады.

Кедендік тексеріп қарау - кеден органдары лауазымды адамдарының тауарлардың орамаларын немесе көлік құралының жүк тиелетін бөліктерін не ыдыстарды, контейнерлерді және тауарлар бар немесе болуы мүмкін өзге де орындарды ашумен байланысты тауарлар мен көлік құралдарына қатысты іс-әрекеті.

Кедендік тексеріп қарау тауарларды кедендік мақсаттар үшін бірдейлендіру, мәлімделетін мәліметтердің дұрыстығын анықтау не Қазақстан Республикасының кеден заңдарын бұзу туралы ақпарат болған кезде мұндай ақпаратты тексеру, сондай-ақ іріктеп тексерудің негізінде кедендік бақылау жүргізу мақсатында жасалады.

Осы баптың 3-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де тұлғалар және олардың өкілдері өздерінің бастамасы бойынша тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау кезінде қатысуға құқылы.

Тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттігі бар декларант немесе өзге тұлғалар және олардың өкілдері кеден органы лауазымды адамдарының талабы бойынша тауарлар мен көлік құралдарын тексеріп қарау кезінде қатысуға және кеден органының лауазымды адамдарына қажетті жәрдем көрсетуге міндетті. Тасымалдаушы арнайы уәкілеттік берген өкіл болмаған жағдайда, көлік құралын басқаратын жеке тұлға осы міндетті атқарушы болып табылады. Кеден органы декларант, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамдар және олардың өкілдері болмаған кезде, мынадай жағдайларда:

1) аталған адамдар тауарлар мен көлік құралдары тапсырылғаннан кейін он күн өткен соң келмеген жағдайда;

2) ұлттық қауіпсіздікке, адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, Қазақстан Республикасы халықтарының мәдени игілігін сақтауға қауіп болған жағдайда және кейінге қалдыруға болмайтын өзге де жағдайларда;

3) тауарларды халықаралық почта жөнелтімдерімен жіберген кезде;

4) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік аумағында кедендік режимді бұза отырып қалдырған жағдайда тауарлар мен көлік құралдарына кедендік тексеріп қарау жүргізуге құқылы.

Аталған жағдайларда тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тексеріп қарау екі куәгердің қатысуымен жүргізіледі және уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша кедендік тексеріп қарау актісі ресімделеді.

Егер кедендік декларацияда көрсетілген тауарлардың бір бөлігі бір атаудағы тауарлар ретінде кедендік тексеріп қарауға ұшыраған болса, онда мұндай тексеріп қараудың нәтижелері кедендік декларацияда көрсетілген осындай барлық тауарларға қолданылады.

Кедендік тексеріп қараудың нәтижелері бойынша екі дана етіп акт жасалады. Кедендік тексеріп қарау жүргізілгендігі туралы актіде мынадай мәліметтер:

1) кедендік тексеріп қарауды жүргізген кеден органының лауазымды тұлғалары мен оны жүргізу кезінде қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

2) декларанттың, тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар өзге де адамның қатысуынсыз кедендік тексеріп қарау жүргізудің себептері;

3) кедендік тексеріп қараудың нәтижелері көрсетіледі.

Актінің екінші данасы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты өкілеттіктері бар адамға не оның өкіліне тапсырылады.

Жеке тексеріп қарау

Кедендік бақылаудың ерекше нысаны ретіндегі жеке тексеріп қарау Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін не кедендік бақылау аймағындағы немесе халықаралық әуежайдың транзит аймағындағы жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу объектілері болып табылатын тауарларды өзінде жасырып, бермей тұр деп ойлауға жеткілікті негіздер болған жағдайда, кеден органы басшысының, оны алмастырушы адамның не Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы бақылау-өткізу пункті уәкілетті лауазымды адамының жазбаша шешімі бойынша жүргізіледі.

Жеке тексеріп қарау жүргізуге байланысты рәсімді және жеке тексеріп қарауды рәсімдеу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Жеке тексеріп қарау басталар алдында кеден органының лауазымды адамы жеке тұлғаға кеден органы басшысының немесе оны алмастырушы адамның жеке тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімін көрсетуге, жеке тұлғаны мұндай тексеріп қарауды жүргізу кезіндегі құқықтарымен таныстыруға және жасырған тауарларын өз еркімен беру туралы ұсыныс жасауға міндетті.

Кеден органы лауазымды адамының жеке тексеріп қарау жүргізу кезіндегі іс-әрекеті жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеуге тиіс.

Өзіне қатысты жеке тексеріп қарау жүргізіліп отырған жеке тұлғаның:

1) жеке тексеріп қарау жүргізу басталғанға дейін оны жүргізу тәртібімен және жеке тексеріп қарау жүргізу туралы шешіммен танысуға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу объектілері болып табылатын өзінде жасырған тауарларын өз еркімен беруге;

3) жеке тексеріп қарау жүргізетін кеден органы лауазымды адамының жеке тексеріп қарау жүргізу туралы хаттамаға міндетті түрде енгізе отырып, мәлімдеме жасауға;

4) жеке тексеріп қарау жүргізудің нәтижелерімен және іс жүргізу құжаттарымен танысуға;

5) жеке тексеріп қарау жүргізетін кеден органы лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне осы Кодекске сәйкес шағым жасауға;

6) адвокаттың қызметтерін пайдалануға құқығы бар.

Өзіне қатысты жеке тексеріп қарау жүргізілген жеке адамға жеке тексеріп қараудың жүргізілгені туралы хаттаманың көшірмесі, тауарлардың алынып қойғаны туралы акті беріледі.

Жеке тексеріп қарауды тексеріліп қаралатын адаммен бір жыныстағы кеден органының лауазымды адамдары сол жыныстағы екі куәгердің қатысуымен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келетін оқшауланған үй-жайда жүргізеді. Бұл үй-жайға басқа жеке тұлғалардың енуіне және олардың тарапынан жеке тексеріп қараудың жүргізілуін қадағалау мүмкіндігіне жол берілмеуге тиіс. Тексеріп қаралатын адамның дене органдарын тексеріп зерттеуді маман-дәрігер, қажет болған жағдайда арнайы медициналық техниканы пайдалана отырып жүргізуге тиіс.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, маман-дәрігердің кеден органы басшысының немесе оны алмастырушы адамның жеке тексеріп қарауды жүргізу туралы шешімін орындаудан жалтаруға құқығы жоқ.

Жеке тексеріп қараудың жүргізілгендігі туралы уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша хаттама жасалады.

Хаттамаға - жеке тексеріп қарауды жүргізген кеден органының лауазымды адамы, өзіне қатысты тексеріп қарау жүргізілген жеке тұлға, куәгерлер, ал тексеріп зерттеу жүргізілген кезде - дәрігер қолдарын қояды.

Тауарларды арнаулы таңбалармен таңбалау, оларға бірдейлендіру белгілерін қою

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда кеден органдары кедендік бақылауды тауарларда (олардың орамаларында) арнаулы таңбалардың, бірдейлендіру белгілерінің немесе оларды Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелудің заңдылығын растау үшін пайдаланылатын тауарларды белгілеудің өзге де тәсілдерінің болуын тексеру жолымен жүзеге асырады.

Тауарларда арнаулы таңбалардың, бірдейлендіру белгілерінің немесе тауарларды белгілеудің өзге де тәсілдерінің болмауы, егер өзінен мұндай тауарлар табылған адам, декларант не өзге де мүдделі адам басқаша дәлелдей алмаса, Қазақстан Республикасының кедендік аумағына тауарларды кедендік ресімдеу мен шығару жүргізілмей жүзеге асырылған тауарлар әкелу ретінде қаралады.

Тауарлардың және көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілік жүйесін тексеру

1. Кедендік бақылаудың нысаны ретіндегі тауарлардың және көлік құралдарының есебі мен олар бойынша есептілік жүйесін тексеру мынадай жағдайларда:

1) тұлға осы Кодекстің ережелеріне сәйкес кедендік ресімдеудің оңайлатылған рәсімдерін қолдану туралы мәлімдеген кезде;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен есепке алынуға тиіс тауарларды шартты түрде шығарған кезде;

3) кеден брокерлері, кедендік тасымалдаушылар ретіндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдер шеңберінде және уақытша сақтау бойынша кеден қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты;

4) кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды тексеру кезінде қолданылады.

Осы бапта көрсетілмеген жағдайларда, есеп пен есептілік жүйесін тексеру кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге де қызметті тексеруді пайдалана отырып кедендік бақылау жүргізу кезінде іске асырылуы мүмкін.

Тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізу

Шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын, тарифтік және тарифтік емес реттеу шаралары белгіленген тауарларды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында кеден органдары осы Кодекске сәйкес кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау кезінде тұлғалар беретін мәліметтер негізінде, уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және нысандарда Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарының есебін жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағында шартты түрде шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын пайдаланатын тұлғалар және осы Кодексте белгіленген өзге де тұлғалар олардың есебін жүргізуге және кеден органдарына уәкілетті орган белгілеген тәртіппен есептілік тапсыруға міндетті.